

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария және орман шаруашылығы саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Ақтөбе облысының әкімдігінің 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № 513 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 19 қаңтарда № 5235 болып тіркелді.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы әкімдігінің 23.12.2021 № 412 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 139-бабының 9-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына сәйкес Ақтөбе облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес, азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария және орман шаруашылығы саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі айқындалсын.

Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы әкімдігінің 23.12.2021 № 412 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Ақтөбе облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

3. "Ақтөбе облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары А.Т.Шерияздановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі
"КЕЛІСІЛДІ"
Ақтөбе облыстық
мәслихатының хатшысы
"12" желтоқсан 2016 жыл

Б.Сапарбаев

С.Қалдығұлова

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария және орман шаруашылығы саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы әкімдігінің 12.03.2024 № 59 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

№	Лауазымдар атауы
	Денсаулық сақтау саласындағы мамандардың лауазымдары:
1	Облыстық, аудандық маңызы бар ММ және МҚК басшысы
2	Облыстық, аудандық маңызы бар ММ және МҚК басшысының орынбасары
3	Бөлімшенің басшысы
4	Барлық мамандықтағы дәрігерлер
5	Акушер
6	Диеталық мейіргер
7	Тіс дәрігері (дантист)
8	Тіс технигі (тіс протездеу бөлімшесінің, кабинетінің зертханашысы)
9	Мейіргер
10	Зертханашы (медициналық)
11	Провизор (фармацевт)
12	Психолог маман
13	Рентген зертханашысы
14	Фельдшер
15	Емдік дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушы
16	Фармацевт
17	Денсаулық сақтау саласындағы сарапшы-маман
18	Зертхана маманы
19	Қоғамдық денсаулық сақтау маманы (эпидемиолог, статистик, әдіскер)
	Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандардың лауазымдары:
1	Аудандық маңызы бар ММ және МҚК басшысы
2	Аудандардың Мансап орталығының басшысы
3	Аудандық маңызы бар Мансап орталығының сектор басшысы
4	Аудандық маңызы бар Мансап орталығы бөлімінің басшысы
5	Аудандық маңызы бар ММ және МҚК басшысының орынбасары
6	Мәдени ұйымдастырушы (бұқаралық жұмыс жөніндегі ұйымдастырушы)

7	Музыкалық жетекші
8	Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман
9	Мансап орталығының құрылымдық бөлімшесінің маманы
10	Арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер
11	Қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер
12	Психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар балалар мен 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер
13	Әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант
14	Мансап орталығының әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанты
15	Медициналық-әлеуметтік мекемелердің (ұйымдардың) әдіскері
16	Медициналық мейіргердің, тәрбиешінің көмекшісі
17	Мансап орталығының ассистенті
18	Ассистент
19	Психолог
20	Кадрлар жөніндегі инспектор
21	Еңбек терапиясы бойынша нұсқаушы
22	Емдік денешынықтыру жөніндегі нұсқаушы
23	Фармацевт
24	Фельдшер
25	Барлық мамандықтағы дәрігерлер
	Білім беру саласындағы мамандардың лауазымдары:
1	Облыстық маңызы бар ММ және МҚК басшысы
2	Облыстық маңызы бар ММ және МҚК басшысының орынбасары
3	Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, арнайы (түзету) және мамандандырылған білім беру ұйымдарының барлық мамандықты мұғалімдері, оның ішінде мұғалім-диффектолог (олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог), мұғалім-логопед, бастапқы әскери даярлықты ұйымдастырушы оқытушы, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының өндіріске үйрету шебері
4	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі ұйымның оқытушысы, оның ішінде бастапқы әскери даярлықты ұйымдастырушы оқытушы
5	Біліктілікті арттыру институтының, ЖОО-ның, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі

	ұйымның, әдістемелік кабинеттің (орталықтың) әдіскері
6	Аккомпаниатор (сүйемелдеуші) (негізгі қызметтердің), концертмейстер (негізгі қызметтердің), тәлімгер, тәрбиелеуші, тәрбиелеуші-ана, әдіскер (негізгі қызметтердің), жүзу бойынша нұсқаушы (негізгі қызметтердің), дене шынықтыру жетекшісі (негізгі қызметтердің), музыкалық жетекші (негізгі қызметтердің), қосымша білім беретін педагог, ұйымдастырушы педагог, педагог-психолог (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог-психологін қоспағанда), әлеуметтік педагог, зертханашы, логопед, психолог
7	Барлық мамандықты дәрігерлер
8	Мейірбике (мейіргер)
9	Емдік денешынықтыру бойынша нұсқаушы, емдәмдік мейірбике
10	Кітапхананың, шеберхананың, оқу-өндіріс шеберхананың басшысы (менгерушісі)
11	Әдіскер, кітапханашы
	Мәдениет және архив саласындағы мамандардың лауазымдары:
1	Облыстық маңызы бар ММ және МҚК басшысы (директоры)
2	Облыстық маңызы бар ММ және МҚК басшысының (директорының) орынбасары
3	Аудандық маңызы бар ММ басшысы (директоры)
4	Облыстық маңызы бар ММ филиалының басшысы (директоры)
5	Облыстық маңызы бар ММ және МҚК филиалы бөлімінің басшысы (директоры)
6	Музей басшысы (менгерушісі)
7	Облыстық маңызы бар ММ және МҚК сектор басшысы
8	Аға ғылыми қызметкер
9	Ғылыми қызметкер
10	Кіші ғылыми қызметкер
11	Қор сақтаушы
12	Экскурсовод
13	Барлық атаудағы суретшілер (негізгі қызметтер)
14	Барлық атаудағы әдістемеші (негізгі қызметтер)
15	Кітапханашы
16	Музейлер қорын есепке алу архивисті
17	Өнертанушы

18	Архивист
	Спорт саласындағы мамандардың лауазымдары:
1	Облыстық маңызы бар ММ және МҚК басшысы
2	Облыстық маңызы бар ММ және МҚК басшысының орынбасары
3	Барлық мамандықтағы мұғалімдер
4	Тәрбиеші
5	Кітапхана басшысы (меңгерушісі), кітапханашы
6	Нұсқаушы, нұсқаушы-спортшы, әдіскер
7	Барлық мамандықтағы дәрігер
8	(Мамандандырылған) медициналық бике/аға
9	Диеталық бике
10	Психолог
11	Облыстық маңызы бар аға жаттықтырушы
12	Облыстық маңызы бар аға жаттықтырушы-оқытушы
13	Жаттықтырушы
	Ветеринария саласындағы мамандардың лауазымдары:
1	Ветеринария пунктiнiң меңгерушiсi
2	Ветеринарлық дәрігер
3	Ветеринарлық фельдшер
	Орман шаруашылығы саласындағы мамандардың лауазымдары:
1	Облыстық маңызы бар орман шаруашылығы мекемесiнiң (бұдан әрi - КМК, МКҚК) басшысы
2	Облыстық маңызы бар РММ және РМҚК, КМК, МКҚК басшысының орынбасары
3	Облыстық маңызы бар КММ, МКҚК орманшылық басшысы (орман күтушi)
4	Облыстық маңызы бар орман өрт сөндіру станциясының басшысы
5	Орманшы (инспектор)
6	Аңшылықтанушы
7	Орман (учаске) шебері
8	Орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар негiзгi қызметтерiнiң барлық мамандықтарының инженерлері
9	КММ техникалық орындаушылары: диспетчер

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ММ - мемлекеттік мекеме;

МҚК - мемлекеттік қазыналық кәсіпорын;

МКҚК - мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорын;

КММ - коммуналдық мемлекеттік мекеме;

ЖОО - жоғары оқу орны;

РММ - республикалық мемлекеттік мекеме;

РМҚК - республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын.

Ақтөбе облысы әкімдігінің
2016 жылғы 12 желтоқсандағы
№ 513 қаулысына 2-қосымша

Ақтөбе облысы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2008 жылғы 24 шілдедегі № 258 "Ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін мамандар лауазымдарының тізбесін анықтау туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3267 тіркелген, 2008 жылғы 19 тамызда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған).

2. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2008 жылғы 24 қыркүйектегі № 335 "Облыс әкімдігінің 2008 жылғы 24 шілдедегі № 258 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3270 тіркелген, 2008 жылғы 4 қарашадағы "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған).

3. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2014 жылғы 15 тамыздағы № 296 "Ақтөбе облысы әкімдігінің 2008 жылғы 24 шілдедегі № 258 "Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін мамандардың лауазымдарының тізбесін анықтау туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4034 тіркелген, 2014 жылғы 30 қыркүйекте "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған).

4. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2015 жылғы 30 желтоқсанда № 473 "Ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін мамандардың лауазымдарының тізбесін анықтау туралы" Ақтөбе облысы әкімдігінің 2008 жылғы 24 шілдедегі № 258 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4719 тіркелген, 2016 жылғы 4 ақпанда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған).